

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының
ЖИНАҒЫ
22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»
22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND
PEDAGOGICAL EDUCATION»
22-April, 2022 y.

Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74.00

II 23

Редакция алқасы:

Д.Қамзабек - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАҒЫ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ БАЙЛАНЫС

Асанова Айжан Сәрсенбайқызы

7M01103 – «Педагогика және психология» мамандығының магистранты

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан, aizhan_sarsenbaikyzy@mail.ru

Аннотация. Цель данной статьи - описать картину теории печеночных отношений между учащимися и учителями и объяснить, что качество общения, опыт учителей являются основными факторами, непосредственно влияющими на успеваемость и школьные достижения в период образования. В статье были изложены определения и виды теории печеночного подавления и степень изученности, приведены примеры методов, проведенных и на эмпирическом уровне. Подчеркнута важность таких основных объяснений отношений, как психолого-эмоциональная связь, поиск близости, безопасный адрес, безопасная основа, открытая связь, близость, поддержка, понимание.

Ключевые слова: педагогическая поддержка, любовь к учителю, эмоциональное отношение, достижения знаний, отношение учителя-ученика, позитивное эмоциональное отношение.

Abstract. The purpose of this article is to describe the picture of the theory of hepatic relations between students and teachers and explain that the quality of communication, the experience of teachers are the main factors directly affecting academic performance and school achievements during the educational period. The article outlined the definitions and types of hepatic suppression theory and the degree of study, gave examples of methods carried out at the empirical level. The importance of such basic explanations of relationships as psychological-emotional connection, proximity search, safe address, safe foundation, open connection, proximity, support, understanding is emphasized.

Key words: pedagogical support, love for the teacher, emotional attitude, knowledge achievement, teacher-student attitude, positive emotional attitude.

Педагогтың оқушыларымен ара-қатынас стилі – бұл әлеуметтік, психоэмоционалдық және адамгершілік санат. Ол көптеген маңызды факторларға сай қалыптасуымен қатар, соларға тәуелді болады: адамның психикалық қалыптасуына; оның құндылық бағытына; білім деңгейі мен жалпы мәдениетіне; маңындағы әлеуметтік ортаның әсеріне; педагогтың қалыптасуына ықпал еткен тәжірибелі педагогтардың өнегесі және т.б.

«Білім берудегі және бала тәрбиесіндегі өзгерістердің бастауы қандай болады» деген сұрақ төңірегінде өз көзқарасымызды зерделесек, қарым-қатынастың өте маңызды фактор екендігін тағы да мойындауға тура келеді. «Жылы» қарым-қатынас білім беру жүйесін жетілдіріп, ата-аналардың табиғи интуициясын қалпына келтіре алады. Адам баласы – бірлік пен байланысты және жақындықты іздейтін жаратылыс, біз үшін психологиялық-эмоционалдық жақындық өте қажет. Қарым-қатынас дұрыс болғанда оқыту процесі де табиғи түрде жүзеге асады, бала тәрбиесі де жеңілдейді. Психологиялық-эмоционалдық жылы қарым-қатынас бар жерде балалар өседі, дамиды, тек өзіне тән ішкі әлеуетін, дәлірек айтсақ оқуға деген әлеуетін толықтай аша алады. Егер мұғалім баламен дұрыс емес қарым-қатынаста болса, қауіпсіз, әрі сенімді бауыр басу объектісі бола алмаса, онда бала одан өзін аулақ ұстайды, өйткені олардың ішкі түйсігі мұғалімнің жұбаныш көзі бола алмайтындығын сезеді.

Білім беру психологиясындағы дәстүрлі зерттеулердің көпшілігі оқытудың, білім берудің және педагог пен оқушының өзара қарым-қатынасының когнитивті аспектілерін зерттеуге бағытталған. Педагог пен оқушы арасындағы қарым-қатынастың кәсіби және сапалы болуы оқушының әлеуметтік-эмоционалдық жай-күйінде, мектепке бейімделуінде, білімді меңгеруінде және оқу үлгерімінде маңызды рөл атқаратындығын соңғы жылдардағы

жасалған зерттеулер анық көрсетіп берді. Оларға сүйенсек, мұғалім мен бала арасындағы қарым-қатынас сапасы бауыр басу теориясынан бастау алады. Бауыр басу дегеніміз – баланың қажеттіліктерін ескеретін және сезінетін ересек адаммен қарым-қатынасты орнатуға және сақтауға бағытталған мінез-құлық жүйесі. [1] Бала үшін маңызды ересек адам эмоционалды қолдау көрсетіп, болжамды, дәйекті және қауіпсіз жағдай жасаған кезде, олар сондай ересек адамға тәуелді бола бастайды және олар ендігі жерде мына әлемді алаңсыз зерттеуді жалғастыра түседі, өйткені ересек адамның көмек қажет кезде үнемі жанынан табылатындығын біледі. [2] Зерттеулер көрсеткендей, белгілі бір деңгейде өз ересек адамына бауыр басқан балалардың ізденуі мен білімге құштарлығы және ерте танымдық қабілеттері дамиды. Балалар өздерін қауіпсіз және жайлы сезінген кезде оларды зерттеуге итермелейтін қосымша іздену жүйелері іске қосылады. Яғни оның бауыр басқан ересек адамы баланың қоршаған ортаны зерттей алатын «сенімді негізі» болады. Басқаша айтсақ, балалар мазасызданса, қиналса немесе қорқатын болса, олардың бауыр басу жүйелері сол бауыр басқан фигураларымен жақындықты іздеуге мәжбүрлейді. [3] Барлық балалар өздеріне қамқорлық жасайтын ересек адамдармен байланыс орнатады, бірақ ересектер мен балалардың өзара қарым-қатынастарының сапасына байланысты бауыр басудың сапасы да түрлі болады.

Бауыр басудың түрлеріне төменде тоқталатын боламыз. Бауыр басудың маңыздылығын тұңғыш рет британдық психолог және психиатр Джон Боулби сипаттап, зерттеді. Ол бауыр басу баланың өзін қорғалған және қауіпсіздікте болу қажеттілігіне қатысы бар, бала мен тәрбиелеуші арасындағы қарым-қатынастардың өзіндік және шекарасы айқын белгіленген қыры деп мәлімдеді. Бауыр басуды қалыптастыру мақсаты баланы ойнату немесе алдандыру (ойындағы досы ретінде ата-ананың рөлі осындай), баланы тамақтандыру (күтім пен қамқорлық көрсететін тәрбиелеуші ретіндегі ата-ананың рөлі осындай), шектеу қою (баланы тәртіпке салуға үйретудегі ата-ананың рөлі осындай) немесе баланы жаңа дағдыларға үйрету (педагог ретіндегі ата-ананың рөлі осындай) емес. Бауыр басу бала ата-анасын немесе өзге негізгі тәрбиелеушісін әлемді зерттеуге аттанатын қауіпсіз мәре ретінде пайдаланғанда, ал қажет болса, қауіпсіз пана және жұбаныш ретінде пайдаланғанда орын алады. Ата-ана мен бала арасындағы берік бауыр басу баланы улы стресстен қорғай алады. [4]

Д. Боулби бауыр басу теориясын «адамдар арасындағы ұзақ мерзімді психологиялық байланыс» деп сипаттады. Яғни бұл - уақыт пен кеңістік арқылы бір адамды екіншісімен байланыстыратын терең және ұзақ эмоционалды байланыс. Д. Боулби өз зерттеулерінің нәтижесінде «ата-ана мен олардың балалары арасында қалыптасқан ерте эмоционалды байланыс - дені сау дамудың кепілі» деген қорытындыға келді. «Бауыр басу – сәби мен ата-ана (немесе тәрбиелеуші) арасындағы эмоциялық байланыс. Бұл - уақыт өте келе, әсіресе, сәбилер өздеріне назар аударылуын, тыныштандырылуын, қолдау көрсетілуін немесе қауіпсіздігі қамтамасыз етілуін қажет ететінін көрсететін жағдайларда өрбитін эмоциялық және мінез-құлықтық өзара әрекеттестік үлгісі. Бауыр басу сапасы ата-ананың сәбиінің қажеттіліктерін көру және түсіндіру, әрі оларға жылдам жауап қайтару қабілетіне байланысты болады». Бауыр басу сапасы ерте балалық шақта қалыптасады, баланың дамуына, бүкіл өмірі бойында орнататын қарым-қатынастарына, соның ішінде, есейгенде, өз балаларымен құратын қарым-қатынастарына да әсер етеді. [2]

Бауыр басу теориясының негізгі идеясы – бұл баланың қажеттіліктерін қанағаттандыратын және қандай жағдайда да жанынан табылатын, қол жетімді, сенімді ересек адамның баланың қауіпсіздік сезімін дамытуына мүмкіндік беруі. Бала қамқоршының сенімді тұлға екенін білгенде ғана, оны әлемді әрі қарай зерттеуі үшін қауіпсіз негіз деп есептейді. Д. Боулби қарым-қатынас барысында балалар өздерінің қамқоршыларына деген сүйіспеншілікті дамытатын бауыр басушылықтың төрт кезеңін атап өтті: 1 кезең: туылғаннан бастап 3 айға дейін; 2 кезең: 3 айдан 6 айға дейін; 3 кезең: 6 айдан 3 жасқа дейін; 4 кезең: 3 жастан бастап балалық шақ аяқталғанға дейін. 1950 жылдары Джон Боулбидің ғылыми қызметкері және серіктесі Мэри Эйнсворт бір жастан асқан

балаларға «Бейтаныс жағдай» экспериментін жасады. [5] Бұл әдіс зертханада күтуші нәрестені тастап кететін екі қысқа сценарийден тұрады. Бірінші сценарийде нәресте бейтаныс адаммен қалады. Екінші сценарийде нәресте аз уақытқа жалғыз қалады, содан кейін оған бейтаныс адам қосылады. Қамқоршы мен бала арасындағы әр алшақтық үш минутқа созылды. Эйнсворт пен оның әріптестерінің оғаш жағдайды байқаулары олардың үш түрлі бауыр басу стилін анықтауына мүмкіндік берді. Кейінгі зерттеулердің нәтижелері бойынша төртінші бауыр басу стилі қосылды. Олардың біріншісі берік сенімді, әрі дұрыс бауыр басу үлгісі, ал қалған үшеуі сенімді емес бауыр басу түрлері.

Бауыр басудың төрт үлгісі:

1. Берік (қауіпсіз, сенімді) бауыр басу.
2. Әлсіз-кереғар бауыр басу немесе қарсы тұрушы бауыр басу.
3. Әлсіз-қашқақтаушы түрі;
4. Ретсіз немесе бағдарсыз бауыр басу.

Зерттеулер көрсеткендей, ерте жастағы бауыр басу стилі адамның кейінгі қарым-қатынасына, өміріне әсерін тигізеді. Сәбилер мен кішкентай балалар әлеуметтік өзара әрекеттестік және өздерін тәрбиелеумен үнемі айналысатын анасымен және әкесімен, әрі өзге тәрбиелеушілермен сенімге негізделген берік қарым-қатынастар арқылы жақсырақ дамиды. [4]

Көптеген мәдениеттерде жүргізілген ғылыми зерттеулер барлық кішкентай балалардың шамамен жартысы анасына, әкесіне немесе өзге негізгі тәрбиелеушісіне берік (қауіпсіз) бауыр басқанын көрсетеді. Мысалы, бала кезіндегі сенімді бауыр басу стилі бар адамдар өскен сайын өзін-өзі жақсы сезінеді және ересектер сияқты мықты, салауатты қарым-қатынасты қалыптастыра алады. Ал дұрыс бауыр басу стилін көрмеген адамдар кейін өзгелермен қарым-қатынастарына эмоционалды түрде инвестиция сала алмауы мүмкін және өз ойлары мен сезімдерін басқалармен бөлісуде қиындықтарға тап болуы мүмкін.

Көптеген зерттеулер мектептегі оқушылардың әлеуметтік-эмоционалды әл-ауқаты мен оқушы мен мұғалімнің өзара қарым-қатынасының сапасы мектепке бейімделу мен оқу үлгерімінде де өте маңызды екенін көрсетеді. Мақаладағы негізгі идеямыз - оқушылардың мұғалімге деген сүйіспеншілігі олардың әлеуметтік-эмоционалды өзара әрекеттесуінің негізі ретінде оқыту мен дамуға да ықпал ете алатындығын түсіндіру. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, мұғалімнің қолдауы және жылы қарым-қатынасы оқуға, әлеуметтік құзыреттілікке және мектепке бейімделуге әсер етуі мүмкін. Мұғалім мектептегі зерттеу мен оқудың «эмоционалды қауіпсіздігі» бола алады, эмоционалды қауіпсіздікті қамтамасыз ете алады. Сенімді бауыр басу стилінің оқушының танымдық қабілеттерін дамытуына, мектепке жақсырақ бейімделуіне, жоғары сыныптардағы жетістіктеріне және дамыған әлеуметтік құзыреттілікке әсері зор екендігін байқаймыз. Яғни мұғалімге деген сенімділік жоғары мектептегі жетістіктермен, мектепке деген оң көзқарастармен, үлкен белсенділікпен және сыныптағы іс-шараларына қатысуымен, сабаққа деген қызығушылықпен байланысты.

Білім берудегі эмоциялардың рөлі туралы, жеке эмоциялардың маңыздылығы (мысалы, емтихандық алаңдаушылық) немесе оқушының немесе мұғалімнің эмоцияларына және олардың функциясы мен танымдық процестерге, эмоцияның оқыту мен оқуға әсеріне бағытталған зерттеулер басым. Өзара қарым-қатынасты зерттеу көбінесе мұғалімдер мен оқушылар арасындағы педагогикалық өзара әрекеттесуді және сол өзара әрекеттесу кезінде оқушылардың білім мен дағдыларды алу тәсілдерін зерттейді. Білім берудегі зерттеулердің жана легі оқушылар мен мұғалімдердің өзара қарым-қатынас процесі мен нақты процедураларын қарастыратын зерттеулерден тұрады. Оқушылар мен мұғалімдердің эмоционалды қарым-қатынасы мен өзара қарым-қатынасына бағытталған зерттеулер көп емес. Эмоционалды қарым-қатынас – бұл оқушылар мен мұғалімдер арасындағы қарым-қатынас динамикасына ғана емес, сонымен қатар оқу мен оқыту процесіне салыстырмалы түрде әсер ететін тұрақты фактор. Даму теориясын зерттеушілер балалардың ересектермен,

құрдастарымен, мұғаліммен өзара қарым-қатынасының эмоционалды сапасы мектепке бейімдеу, оқу және жетістіктерге негіз болатындығын көрсетті. [6] Мұғалім мен оқушы арасындағы оң қарым-қатынас балаларға оқу іс-әрекетіне толыққанды қатысуға қажетті эмоционалды қауіпсіздікті қамтамасыз етеді және мектеп жағдайында қажет әлеуметтік, мінез-құлықтық және өзін-өзі реттейтін компетенттіліктің дамуына әсер етеді [7]. Бұл зерттеулер мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасының эмоционалды сапасы оқушылардың мектепке және оқуға деген оң көзқарастарымен қалай байланысты екенін, оқу үлгерімі мен келешектегі жетістіктеріне қалай әсер ететіндігін анықтады. Қауіпсіз бауыр басу сенімсіз бауыр басумен салыстырғанда жоғары бағалармен, оқушының оқу үлгерімінің артуымен, жетістіктерімен, эмоционалды тұрғыда реттелумен, әлеуметтік құзыреттілікпен және қиындықтарды қабылдауға дайын болумен байланысты болатындығына көз жеткіземіз. Бауыр басу теориясының қарым-қатынастағы, сабақтағы рөлін түсіну тәрбиешілер мен мұғалімдердің, әсіресе қиын оқушылармен жұмысының тиімді болуына көмектеседі.

Сонымен, баланың мектепке бейімделуі және жетістіктерге жетуі бауыр басу қатынастарының екі түрінің негізінде жүзеге асады: ата-аналарға және мұғалімдерге бауыр басу арқылы. Бақылау нәтижелері бойынша, берік-қауіпсіз бауыр басу стилінде қарым-қатынасқа түскен балалардың, сенімсіз бауыр басу түрінде қарым-қатынасқа түскен балалармен салыстырғанда, 7 жастан бастап IQ көрсеткіші жоғары деңгейде болған. Тағы бір зерттеуде сенімді түрде бауыр басқан балалардың өздеріне сенімді емес құрдастарына қарағанда 16 жасында математика көрсеткіштері жоғары екендігі анықталды. [8] Зерттеулер көрсеткендей, өз ересек адамына қауіпсіз бауыр басқан балалардың өздеріне сенімсіз балалардан гөрі қабілеті, зеректілігі, есте сақтау қабілеті және ойлау қабілеті жетілген және коммуникацияға, когнитивтік қатынас пен шығармашылық шеберлікке деген ынтасы мол екендігі анықталған. Бұл мәселе теориялық модельде мұғалімге деген бауыр басушылық мектептегі бағаларға және мектеп пен оқуға деген оң көзқарасқа әсер етеді, ал мұғалімнің педагогикалық қолдауы мен оқушылармен жағымды эмоционалды қарым-қатынасы білім беру жетістіктеріне де тікелей әсер етеді деп болжанып қана қоймай, эмпирикалық түрде алынған мәліметтерге сәйкес келеді. Төртінші сынып оқушыларының үлгісінде мұғалімге деген бауыр басушылық мектепке деген оң көзқарасқа, оқуға және мектеп бағаларына әсер ететіндігі анықталды. Екінші жағынан, мұғалімге деген сүйіспеншілік оқыту тәжірибесінің екі өлшеміне (педагогикалық қолдау және оқушыларға деген жағымды эмоционалды қатынас) де байланысты екендігі анықталды. Сонымен бірге, педагогикалық қолдау мектеп бағаларына тікелей әсер етеді, ал оқушылармен жағымды эмоционалды қатынас олардың мектепке және оқуға деген жалпы қатынасына әсер етеді. Оқыту практикасының осы екі өлшемі өзара байланысты, демек, оқушылар олармен неғұрлым жағымды эмоционалды қарым-қатынаста болатын мұғалімнің де жақсы педагогикалық қолдау көрсететіндігін байқайды. [9]

Осы нәтижелерге сүйене отырып, оқушылар жағымды эмоционалды қарым-қатынас жасайтын мұғалімге сенімді бауыр басуды дамытады, бұл оның мейірімді, оларға қандай сұрақ туындаса да көмектесетінін, олармен сирек қақтығысып, оларға көбірек қанағаттанатынын білдіреді, сонымен бірге, мұндай мұғалім сапалы педагогикалық қолдау мен кері байланысты қамтамасыз ете алады. Мысалы, оқушының кез-келген пән байынша жетістігін мұғалімдердің жағымды эмоционалды қатынасы мен педагогикалық қолдауының сапасы анықтайды.

Мұғалімнің сыныпта жағымды эмоционалды қарым-қатынас орнатуының және мектепте жылы, сезімтал және оқушыны қолдайтын оқу ортасын дамытуының маңыздылығы білім нәтижелеріне тікелей әсер ететіндігін айтқымыз келді. Он жылдық зерттеу көрсеткендей, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынастың сапасы, әсіресе ынталандыратын және жағымды өзара әрекеттесуі балалардың оқуына, әлеуметтік құзыреттіліктеріне және мектепке бейімделуіне әсер етуі әбден мүмкін. [10] Яғни мұғалімге берік бауыр басу құрметпен, қамқорлықпен ерекшеленеді, балалар өз мұғалімдерін қауіпсіздіктің қайнар көзі деп санайды. [11] Мұндай берік қарым-қатынаста балалар өздерін

қауіпсіз және бағалы сезінеді, интеллектуалды және әлеуметтік мәселелерді шешуге және жаңа идеяларды зерттеуге мүмкіндік ала алады.

«Қазір баланы тәрбиелеу, білім беру тақырыптарында ақпарат теңізі пайда болды - ата-ана туралы мыңдаған кітаптар жарық көрді, миллиондаған мақалалар жазылды, кез-келген сұрақтың жауабын Google-дан немесе маманға хабарласу арқылы таба аламыз. Осының бәріне қарамастан, баланы тәрбиелеу және оқыту жыл сайын қиындай түсуде. Мұның себебі алдамшы және қарапайым», - деді Д. Боулби теориясын дамытушы, канадалық профессор Гордан Ньюфелд. [12] «Біз балаларымызды тәрбиелеу үшін контексті жоғалтып, сұрақтарымызға дұрыс емес жерден жауап іздей бастаймыз. Біз: «Мен не істеуім керек?» деп емес, «Мен қарым-қатынаста баланың қажеттіліктеріне қалай жауап бере аламын?» деген сұрақты өзімізге қойып, жауаптарды сырттан іздеудің орнына, өзімізден іздеуіміз керек. Қатынастар маңызды. Оларды қорғау және дамыту қажет, қамқор ересектерге деген ықылас бала үшін өте маңызды екенін ұмытпаңыз. Постиндустриалды дәуірде біз балалармен жұмыс істеудің контекстін біздің олармен қарым-қатынасымыз емес, оларға қатысты рөліміз деп шештік, біз білім күш деп ойладық, бірақ бұл ата-ана болуда, тәрбиелеуде немесе білім беруде олай емес». Балалардың өздері бауыр баспаған адамдардан білім ала алмайтындығын ғылыми зерттеулер дәлелдеп берді. Оқу әлеуетін ашу үшін оларға мұғалімге деген сүйіспеншілік қажет. Оқыту қарым-қатынас пен бауыр басудан тұрады. Балалар өздері бауыр басқан адамдарды тыңдайды, солар сияқты болғысы келеді, олардың ықпалына бағынады және олардың құндылықтарын қабылдайды. Яғни мұғалім оқушының миына білімді сіңіру үшін оның жүрегінен орын таба алуы керек. Мысалы, мектепке барған балалардың ата-аналарын алайық. Олар ең алдымен нені ойлайды? Мұғалімдердің біліктілігін бе? Педагогикалық тәсілдерді ме? Бағдарламаны? Жоқ, әрине. Ең алдымен, олар балаға мұғалім ұнады ма және мұғалім оның баласын жақсы көреді ме деген сұрақтар төңірегінде ойланады. Мұғалім өзінің жалпы кім екендігін емес, оқушыларының көзімен кім екендігін, оқушылары үшін кім екендігін ойлануы керек.

40 жылдық еңбек өтілі бар мұғалім Рита Пирсон бірде әріптесінің: «Мен балаларды жақсы көргенім үшін ақы алмаймын», - дегенін естіген. Сол кезде ол: «Есіңізде болсын! Балалар өздеріне ұнамайтындардан білім алмайды», - деп жауап берген болатын. [13]

Бұл жауап мұғалімдерге үндеу болып табылады, сондықтан олар оқушыларына сеніп, олармен нақты, тығыз, адами қатынастар жасайды. Ол осы мақаласында өзінің және ата-аналарының өмір бойы мұғалім болғандығын айта келіп: «Біз балалардың не үшін оқудан кететінін білеміз. Біз олардың неге үйренгісі келмейтінін білеміз. Мұның себебі - кедейлік, сабаққа келудің нашарлығы, құрдастарының жағымсыз әсері. Мұны бәріміз білеміз. Бірақ біз ешқашан талқыламайтын нәрсе бар, ал егер талқылайтын болсақ, онда сирек талқылаймыз. Бұл адамдар арасындағы қарым-қатынастың құндылығы мен маңыздылығы,» - деп қарым-қатынастың көп талқыланбайтын маңызды фактор екендігін дәл суреттеп көрсетті.

Әдебиеттер

1. Боулби, Дж. (1958). Природа привязанности ребенка к матери. Международный журнал психоанализа, 39, 350-373.
2. Боулби, Дж. (1969). Привязанность и потеря. Том 1. Вложение. Нью-Йорк: Basic Books.
3. O'Connor & McCartney, 2007.
4. <https://www.unicef.org/kazakhstan/media/3306/file/3,%204%20D0%BC%D0%BE%D0%B4%D1%83%D0%BB%D1%8C%D0%B4%D0%B5%D1%80.pdf>
5. Шие, Кендра. «Боулби & Айнсворт: Тіркеме теориясы дегеніміз не?» *Веруэллақыл*, 21 қыркүйек 2019 ж. // www.verywellmind.com/what-is-attachment-theory-2795337
6. Baker et al., 2003; Catalano et al., 2004; Pekrun, 2005; Sakiz et al., 2012; Wubbels & Brekelmans, 2005.

7. Pianta, R. C. (1999). Enhancing relationships between children and teachers. Washington, DC: American Psychological Association.
8. Jacobsen, T., & Hofmann, V. (1997). Children's attachment representations: Longitudinal relations to school behavior and academic competency in middle childhood and adolescence. *Developmental Psychology*, 33, 703–710.
9. https://www.researchgate.net/publication/287107694_Attachment_in_the_studentteacher_relationship_as_a_factor_of_school_achievement
10. Хьюз, Гамильтон, Матесон, 1994; Хауз және Матезон), 1992; Пианта, Штайнберг, & Роллинз, 1995; Эгеланд & Хиестер, 1995; Хоуз & Смит, 1995; Хоузс және басқалар, 1990.
11. Pianta, 1999; Rudasill & Rimm-Kaufman, 2009.
12. <https://alpha-parenting.ru/2018/09/17/gordon-nyufeld-otnosheniya-imeyut-znachenie/>
13. <https://alpha-parenting.ru/2019/01/14/rita-pirson/>

ҰЛЫ ҒҰЛАМАЛАР МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ИДЕЯЛАРЫ

Атемова Қ.Т.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, п.ғ.д.

Атемова Г.Т.

М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің аға оқытушысы

Абстракт. В статье описывается важность здравоохранения в современном обществе, на основе государственных и специальных документов в том числе важность уделения особого внимания на психологического здоровья. Раскрытие концепции психологического здоровья, дается сравнительное описание взглядов ученых, проводивших исследования в этой области. Описано понятие психологического здоровья студенческой молодежи и его состояния, проведено сравнение со статистическими данными. Основная цель статьи - показать психологическое давление в современной социальной среде, а также различные отношения и способы защиты молодых людей от этого. Рекомендуются эффективные решения, исследуя и анализируя наследие великих ученых. Представлены концепции психологического здоровья в наследии великих ученых и способы его сохранения. Наследие Аль-Фараби является основной темой статьи, при этом учитывается преемственность взглядов.

Даны рекомендации, связанные с защитой и формированием психологического здоровья студентов в современных вузах, объяснена важность и эффективность информации в содержании дисциплин.

Ключевые слова: психологическое здоровье, студенты, великие ученые, наследие, будущие профессионалы, дисциплины, общение

Abstrakt. The article describes the importance of health care in modern society, based on government and special documents including the importance of focusing on psychological health. Disclosure of the concept of psychological health, a comparative description of the views of scientists who have conducted research in this area. The concept of psychological health of student youth and its state is described, a comparison with statistical data is made. The main purpose of the article is to show the psychological pressure in the modern social environment, as well as the various attitudes and ways of protecting young people from this. Effective solutions are recommended by researching and analyzing the legacy of great scientists. The concept of psychological health in the heritage of great scientists and ways of preserving it are presented. The legacy of Al-Farabi is the main topic of the article, while taking into account the continuity of views.

Recommendations are given related to the protection and formation of psychological health of students in modern universities, the importance and effectiveness of information in the content of disciplines are explained.